



ЭОЖ 9(930)  
ГТАХТК 13.71  
DOI



### Исова Лаура Тәңірбергенқызы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доценті, т.ғ.к.

e-mail: laura\_71@list.ru



### Кульбаева Алмагуль Тлеуовна

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доценті, т.ғ.к.

e-mail: appleflowerkulbaeva@gmail.ru

## ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНА ПОЛЯКТАРДЫ КҮШТЕП ҚОНЫС АУДАРУ БАРЫСЫ ЖӨНІНДЕ.

**Аңдатпа.** Мақалада мәліметтері мұрағат деректерімен расталған және Қазақстанға кеңестік биліктің күштеп жүргізген депортациялау саясаты салдарынан туындаған поляк жер аударылғандардың ауыр тағдыры ұсынылады. Ұжымдастыру және екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында республика аумағында қалыптасқан жер аударылғандар тағдырының қалыптасуының күштеп трансформациялануын дәлелдейтін ауқымды деректер ҚР мемлекеттік мұрағаттарында сақталған. Қазақстанға келген поляк құрамының негізгі бөлігі өмір шынайылығына көңдіге алмай, Отанға оралуға деген үмітке сүйене өмір сүреді. Көпшілігіне, өкінішке орай, осы арманның жүзеге асуы шынайылыққа ұласпады. Соған қарамастан, поляк арнайы қоныстанушыларды барлық мүмкіндіктерге қарай, жеке қиыншылықтарына қарамастан, қоныстанушыларға қолдау жасаған жергілікті тұрғындарға деген риясыз алғыс, осы тағдыр тәлкегін басынан кешірген поляктардың естелігінде.

**Түйін сөздер:** Екінші дүниежүзілік соғыс, арнайы қоныстанушылар, арнайы жер аударылғандар, поляк, мұрағат.

**Abstract.** The article presents facts confirmed by archival documents testifying to the plight of Polish immigrants forcibly deported to Kazakhstan by the will of the Soviet leadership. The State Archives of the Republic of Kazakhstan store a huge amount of evidence of the violent transformation of the existence of special settlers who found



themselves on the territory of the republic during the years of collectivization and World War II. The Polish contingent that arrived in Kazakhstan, for the most part, adapted very hard to the new realities, keeping the hope of returning to their homeland. Unfortunately, many people have not been able to do this. However, according to the memoirs of Poles who survived this tragedy, many owe their lives and salvation to the local population, who, despite their own difficulties, supported Polish special settlers to the best of their abilities.

**Key words:** World War II, special settlers, special settler, Pole, archive.

**Аннотация.** В статье представлены факты, подтвержденные архивными документами, свидетельствующие о тяжелой участи польских переселенцев, волею советского руководства насильственно депортированных в Казахстан. Государственные архивы РК хранят огромное количество доказательств насильственной трансформации существования спецпереселенцев, оказавшихся на территории республики в годы коллективизации и Второй мировой войны. Польский контингент, прибывший в Казахстан, по большей части очень тяжело адаптировался к новым реалиям, сохраняя надежду вернуться на Родину. Многим, к сожалению, этого сделать так и не удалось. Однако по воспоминаниям переживших эту трагедию поляков, многие жизнью и спасением своим обязаны местному населению, которое, несмотря на собственные трудности, в меру возможностей поддерживало польских спецпоселенцев.

**Ключевые слова:** Вторая мировая война, спецпоселенцы, спецпереселенец, поляк, архив.

XX ғасыр тарихы ізгі мақсаттарға қол жеткізуде жеке тұлғаның ерік-жігері мен оның құқықтарын құрметтеудің басым-бағыттары жолындағы күрестің қиында, күрмелілігін сипаттаған еді. Орталық биліктің үздіксіз эксперименттерінің арқасында, Қазақстан орны толмас құрбандықтар мен орасан шығындардың сабақтастығының сынақ алаңына айналды. Нәтижесінде социализмнің күшпен келген жаңа үлгісінің күштеу амалдары күйреп, «жарқын болашақтың» орнына тоталитарлық экономикалық тұрпаттың түбіне де дейін жеткен «бұрандасы» қатайтылған болатын.

Осы тұста екінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында және соғыс барысы мен, соғыстан кейінгі жылдары кеңестік саясаттың жүзеге асуына кедергі келтіруі мүмкін делінген «бесінші колонна», «титулсыз халықтардың» сталиндік ұстанымы, әсіресе кеңестік мемлекеттің шекаралық аймақтарынан сенімсіз халықтарды қоныс аударту саясатында кеңінен қолданылған еді. Сталиндік жүйе орындаған халықтарды қоныс аударту саясаты аталған кезеңде қаншалықты күрделі ақуалда болғанын зерделеу әлі де күрделі. Мәселені зерттеудің сан-қырлы бағдары, қоныс аудару жылдары жүзеге асқан басқа да саяси амалдармен тоғысып, мысалы, әскери тұтқындар, әскери құрылымдар, жаңа экономикалық кеңістікті игеру секілді саяси-



стратегиялық мақсаттар аясында жаңаша қараудың мазмұнын ғылыми бағдарда өзекті етуде. Ғасырлар тоғысындағы қоғамдық сананың өзгерісі мен жаңарулар, әлемдік бетбұрыстың шынайылығының даралануы және депортацияланған халықтардың тарихи Отандарымен қарым-қатынас бағдары мен мүмкіндіктерінің түбегейлі өзгерісі депортацияланған халықтар мәселесін қазақстандық, ресейлік және алыс-жақын шетелдік зерттелу ауқымында жаңартып, деректік мазмұнын мұрағаттардың құпиясы ашылмаған қорларында тереңдей қараудың басымдылықтарына да жаңаша көзқарастар әкелді.

XXI ғасырдың дүние жүзілік тарихы мен геосаясаты, халықаралық саясаты, сонау өткен ғасырдың ұлттар тағдырына қатысты өрескел қателіктерін қайта қарау бағытын жаңартты. Қазақстан ғылымы да осы бағытта күрделі қадамдар жасау бағдарын түзеді. Мемлекет басшысы Қ-Ж. К.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласынан кейінгі кеңестік соқыр саясат жылдары тарихи ақтаңдақтары толық ашылмаған, зерттелуі толық қарқын алмаған қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жұмыстары қайтадан қолға алынды. Президенттің 2020 жылдың 24 қарашысындағы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөнінде мемлекеттік комиссия туралы» №456 жарлығына сәйкес, мемлекеттік маңызды қалалар, облыстар, республика деңгейінде құрылып, сондай-ақ құрамына білікті тарихшы, халықаралық қатынастанушы, заңгерлер кірген деңгейлі комиссиялар өз жұмыстарын сол жылы бастайды. Қазіргі уақытта да қарқынды жалғасын тауып отырған комиссиялардың жұмыс топтары ҚР Президенті мұрағаты, Орталық Мемлекеттік және қалалық, облыстық, аудандық мұрағаттарында, ҚР Ұлттық Қауіпсіздік комитеті, Прокуратурасы және Полиция Департаментінің Арнайы мұрағаттарындағы аса құпия құжаттарды уақыт талабы деңгейінде жаңаша зерттеп, зерделеумен және оларды жарыққа шығаруда, аса білікті заңгерлердің сараптауына ұсынумен тиянақты айналысуда.

Осы бағытта Қазақстанға қоныс аударылып, депортацияланған халықтардың, әсіресе, поляк ұлты өкілдерінің тарихи тағдыры, әсіресе еуропалық елдер аумағындағы адами фактордың құқықтың сипатымен өлшенетін саяси, құқықтық және мемлекетаралық мәселелерді бүгінгі дара тәуелсіз елдер дамуы ұстанымында жаңартып, мәселенің шынайылығын, күнгейі мен көлеңкесін дара қарау міндеттерін тереңдетті.

Кеңестік Қазақстан тарихында поляк ұлты өкілдері республикаға жер аударылған алғашқы халықтардың бірі болып саналады. Оларды КСРО батыс шекараларынан депортациялауға негіз болған, сондай-ақ аты шулы кеңестік биліктің атақты В.Молотов пен И.Сталин қол қойған Жарлықтары, КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің және БКП (б) Орталық Комитетінің 1936 жылғы 23 қаңтардағы №111-01 «Украин Кеңестік Социалистік Республикасынан Қазақ Автономиялық Кеңестік Республикасын көшіру туралы» және 1936 жылдың 28 сәуіріндегі №776-120 «15000 поляк және неміс шаруашылықтарын Қазақ АКСР



Қарағанды облысын экономикалық жабдықтау мен Украин Кеңестік Социалистік Республикасынан қоныстандыру» жөніндегі құжаттар болып табылады.

Екінші дүние жүзілік соғыс жылдары да поляктарды депортациялаудың саяси толқыны ұзақ уақытқа созылған күштеп қоныс аударту саясатының ұзақ сонар тізімін ары қарайда жалғастырып, тарихи амалдарын жүзеге асыра береді. Қазақстанға 1940 жылдың 10 ақпанынан бастап 1941 жылдың маусымына дейінгі кезеңде, енді оккупацияланған тәуелсіз Польша мемлекеті аумағында болған жергілікті басқарудың поляк аппараты мемлекеттік қызметкерлерін, «кулактарды», Орталық және Батыс Польшадан босқындарды жер аударудың саяси амалдары жүзеге асады.

Оларды Ішкі істер халық комиссариаты (НКВД) тарапынан азаптау Қазақстанда да жалғасын тауып жатады. Оларды саяси көзқарастары мен ұстанымдарына қарай, Ішкі істер халық комиссариаты үштігінің кезектен тыс жиналыстарына тергеліп-тексеріледі. Осылайша, Қазақстандық поляктардың жаңа тарихы, екінші дүние жүзілік соғыстың басталуымен қатар келеді.

КСРО аумағында поляк автономды аудандарының өмір сүргендігі жөніндегі мәліметтің тарихи ракурсы бүгінгі уақытта ұмытыла бастаған сынайлы. Дегенмен де, «поляк эксперименті» ұлттық азшылық мәселелерін шешудің алғашқы амалдары болған кеңестендірудің «демократиялық бастамалары» ретінде ерекше назарда болуға лайықты деуге де болады.

Ұжымдастыруға қарсылық салдары жаппай қоныс аударту және басқа да репрессиялық амалдарға ұласқан еді. Төмендегі тізім, Ішкі істер халық комиссариатының аудандық бөліміндегі даулы мәліметтердің қатарында, 350 қоныстанушы жанұяның келесідей категорияға қарай бөлінгенін растайды.

**1-кесте. Қоныс аударушылардың құрамы [1, 5-7 бб.]:**

1.	Поляк контрреволюциялық ұлттық элементі	48
2.	Костель белсенділері	51
3.	Контрреволюциялық кулак элементтері	72
4.	Польшамен байланыс және шпионажға күдікті	51
5.	«Гитлерлік көмек» ұйымдастырушылар мен алушылар	3
6.	Бұрынғы консулдық байланыстар	4
7.	Бұрынғы петлюровшылар мен соколовшылдар	44
8.	Бұрынғы дворяндар	15
9.	Бұрынғы помещиктер	3
10.	Антикеңестік үгіт таратушы тұлғалар	24
11.	Колхозға зиянкестік жасаушы тұлғалар	11
12.	Бұрынғы контрабандисттер	18
13.	Бұрынғы жандармдар	2
14.	Бұрынғы ПОВ-яковшылдар	2
15.	Галичандар	2
Нәтижесінде: 350 жанұя		



1936-1938 жылдары поляктар таптық шығу тегіне емес, ұлттық негізіне қарай ұжымдаса, жаппай репрессияланған алғашқы көпсанды КСРО тұрғындар тобы болды. Олар Украина мен Белоруссияның селолары мен қалаларынан КСРО азиаттық аудандарына, әсіресе негізінен Қазақстанға жаппай қоныстанушылар қатарын жарақтайды.

Қазақстанға депортацияланған поляктардың күштеу-трансформациялы тағдыры мен тұрмысы қоныс аударушыларға қатысты жергілікті органдар жүргізген саясатпен тығыз байланысты болады.

«Вензь» поляк мәдени орталығының бұрынғы төрағасы Альберт Григорьевич Левковскийдің естелігінде, еңбек қоныстарындағы жағдайдың ақуалы куәландырылады. «1936 жылдың көктемінде, - деп әңгімелейді А.Левковский, - колхоз құрылысының жеңісі кезеңінде алғашқылардың бірі болып поляктар қоныстандырылады. Осы күндері КСРО Конституциясының дайындығы жүріп жатады. Дәл осы уақыттарда мамырдың аяғында Украинадан Қазақстанға «ноқталанбаған» поляктарды эшелондарға тиеп жөнелту жүзеге асып жатады. Бізді тауар вагондарымен Көкшетауға әкелді. Бізді орналастырған станса Тайыншы деп аталған болатын. Төңірек иен дала. Келесі күні бізді Жамансоққы ауылына ауыстырады. Ауыл стансадан 15 шаршы шақырымда болған еді. Бүтін ауылға бір ғана құдық. Осылайша жаңа жерде өмір басталды. Осы уақытта «поляк-халық жауы» қосарлана қолданылатын. Біздің селоның төрағасы Репневский болды. Күзге қарай сталиндік үлгідегі үйлер салына бастады. Өмір жаңа Отанда басталды. Солтүстіктің қатаң климаттық жағдайы ақуалды мүлде күрделендіріп жібереді. Қоныстанушылар өмір мен өлімнің алдында жағдайға көнуге мәжбүр болған жағдайда, көмекке көрші ауыл тұрғындарының көмек қолы келген болатын. Қазақтар, ана сүтімен бойларына сіңірген дала қонақжайлығының салтына сәйкес, еріксіз келген-қонақтармен қолдарында барын, жылы киімдерін, азық-түлігін бөлісе, қоныс аударушыларға аса қолайсыз климатқа қалай төзуді де үйретеді». Осылайша, жаңа Отанда көптеген поляк-қоныстанушылардың жаңа тарихи тағдыры қалыптасады.

Көкшетау қаласы мемлекеттік мұрағатында поляк-қоныстанушыларының мүлде бейтаныс, жаңа жағдайға төселуінің ауыртпашылығын сипаттайтын құжаттар жетерлік. Поляк-қоныстанушылар, басқа да қоныстанушылар сияқты мүлде таңсық далалық өлкенің өлшеусіз жаңа ақуалдарына төселуге мәжбүр болады. Жаңа ақуал тұлғаны өзара әрекеттесу үдерісінде, сонымен қатар өзінің талаптарына қарай өзгеріске түсетін ортаға белсенді төселуге әкеледі.

Сол жылдардағы Көкшетау облысының аудандары 1936 жылдары Қарағанды облысының әкімшілік басқармасына қарасты болады. Сол жылдың 1 мамырында Қарағанды облысының жер бөлімі №274 «Қоныстандыру бөлімі арқылы Украинадан Летовечное, Тарангульский, Карсноармейский ет даярлаушы совхоздарының аумағына өтетін 15 мың колхозшы қожалықтарын орналастыру



жұмыстарын ұйымдастыру туралы» жарлықты жариялайды. Қоныстанушылар құрамы келесідей – поляктар, немістер, негізінен, Житомир облысы, Киев облысы, Винница облысы, Кировоград облысы тұрғындарынан болады. 1936 жылдың соңында 95% қоныстанушы шаруашылықтар да колхоздарға біріктіріледі. Сол уақыттарда колхоз тұрғындары ғана заңды-қорғалғандар болып табылған еді. Егер колхоз жыртылатын жер мен тұқым бөлсе, оны өсіріп, жинау өздерінің есебінен жүргізілген еді. Колхозшылар жиналысы хаттамаларының бірінен алынған үзінділердің бірінде, «тапқан-таянғанымызды үздіксіз ішіп-жеп қоятын немістер мен поляктардан азап шегудеміз. Егер олар болмаса, біз осылайша азапқа түспес едік» [2]. Яғни, колхоз табысының өзі жергілікті тұрғындар мен қоныстанушылар арасында дауға айналғанын да көруге болады.

Жергілікті билік қоныстанушыларды мөлшерлі үш категорияға бөледі: бірінші топ – колхоз құрылысына ерікті қарайтындар; екінші топ – Украинаға қайта оралуға әзірленушілер; үшінші топ – зиянкестер. Барлық еңбекшілер қоныстарында орындалуын село коменданты бақылайтын ішкі тәртіп түзілімі енгізіледі. Аса ауыр төтенше ақуалда қалған поляк-қоныстанушылары елдік қиырына келіп ауыр жағдайда болуы сөзсіз болатын. Қоныстанушылардың азық-түлікпен де қамтамасыз етілуі де ауыр жағдайда болады. Жеміс-жидектер, көкөністер, балық өнімдерінің мүлде болмауы, нан тапшылығының жиі орын алуы қалыптасады. Мектеп жасындағы балаларды оқуға тарту, әкелінген оқулықтарды қоныстанушы мұғалім-поляктарды пайдалану мәселесі де кенжелеп қалады. Оқу үдерісі қолға алынбайды. Мұғалімдерге жалақы төленбейді, олар да мамандығына сай жұмыс таппай, материалдық көмекке тәуелді болады [3].

Қазақстан Республикасы Президенттік мұрағатындағы хаттамалық құжатта, 1940 жылдың 29 маусымындағы Қазақстан КП(б) ОК насихат жөніндегі үгіт бөлімінің хаттамасы келтіріледі [4, 1-4 бб.]. Хаттамадағы стенограмма поляк-қоныстанушыларының ауыр, азапты тағдырының деректі мәліметі жергілікті партиялық органдардың қызметінің барысындағы мәлімдемелердің мазмұнынан көрініс табады. Осы отырыстың қатысушылары насихат-жаппай жұмыстар аспектісін талқылай, Федоров ауданындағы Арал ауылдық кеңесінен қатысты орын алған оқиғаға тоқталады. Осы ауданның өкілі поляк-қоныстанушылары арасында кеңес билігіне қарсы жау пиғылдағы насихат жүргізетінін хабарлайды. Ол, «поляктардың бұрынғы өмірге қайта оралуға үмітті екендерін, және оны ашық түрде мәлімдейтінін, -айта келе, -қоныстанушылармен жеке әңгіме барысында орын алған мағлұматтармен бөліседі. Қоныстардың арасында, поляк – Пятницкая Анна есімді әйелдің әңгімесін мысалға алады. Оның осы өлкеде 1918 жылдан ағасының өмір сүріп жатқанын, олардың үнемі хат-хабардар болып тұрғандарын, және Кеңестер Одағында не болып жатқанын үнемі талқылайтындарын баяндайды. Қызыл Армияның поляк шекарасынан өткенінен кейін отбасыларымен Францияның немесе, Германияның аумағына өтуді жоспарлағандарын, Кеңестер



Одағының ары қарай өмір сүруін тоқтатынын, Германияның мықты экономикалық қатынастарына үміт арта сол жаққа қоныстануды жоспарлағандарын әңгімелеуіне тоқталады. Осы әңгіменің ашық айтылмағаны да стенограммада келтіріліп хаттамаланған».

Мәлімдеуші, осындай ашық әңгімелер тағы да қайталанатын болса, қатаң шара қолданылатынын да баяндайды. Мәселені обком мен НКВД назарына ұсынғандарын да ескерте келе, өкіл қоныстанушылардың жалпы көпшілігінің қалаларда тұрған мәдениетті халық екендігін де баға бере кетеді. Осы елді мекеннің антикеңестік насихатының қоныстанушылар арасындағы жиі кездесетінін айта келе, қоныстанушылардың бұрын аса ауқатты азаматтар болғандығына да тоқталады. Қоныстанушылар арасында келген жерлерінде фабрика, дүкен ұстанғандарының, тіпті бір қоныстанушы әйелдің үш дүкені мен рестораны, 20 қызметшісі болғандығы туралы әл-ауқаттарына да анықтама бере кетеді. Олардың өздерін осы жерге әкеліп, «аштан қатуларына» мәжбүрлеу емес пе дегенде ойлары хаттамада сипатталады. Хаттамада қатысушылардың үгіт-насихат жұмыстарын жетілдіру, жоспарлы қоныс аударту шаралары болғандықтан мемлекеттік саясатты тиімді жүргізуге ыңғайлы сауыққан саясат қалыптастыру қажеттілігі айтылады. Революциялық күрескерлерге көмек көрсетудің халықаралық ұйымының (МОПР) қолдауына жүгіне отырып, қоныстанушылар арасында бұрынғы пандық Польшаға үміт артқан поляк-қоныстанушыларға үміттенушілермен идеологиялық түзету шараларын ұйымдастыру да осы хаттамада көрсетіледі [5, С.8-9]. Жалпы, екі саяси идеологияның саяси теке-тіресі жағдайындағы жеке адам құқығы бұзылуының бірден-бір дәлелі осы поляк-қоныстанушыларға қатысты ақуалдан көрініс табады.

Келесі бір мұрағат құжаттарының бірінде, Көкшетау қалалық мемлекеттік мұрағатынан алынған деректерде көрсетілгендей, ауылдық кеңестің басшысына аудан басшысының жазбасында баяндалады: «тұрақты қоныстанған елді мекендерден БКСРО және Украинаның Батыс облыстарынан әкімшілік қоныс аударылғандар қатарынан қашып шығушылар қатары көбеюде. Қашуға ынталанғандардың көбісі бұрынғы тұрғылықты жерлеріне, яғни Батыс Белоруссия мен Украинаға оралуды жоспарлайды. Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті басқармасының (ЦРО НКГБ) нұсқаулықтарына қарамастан, осындай мәліметтерді уақтылы сіздің тарапынан хабарламауға, орындамауға жол берілген. Сондықтан да Сіздің жеке жауапкершілігіңізде қашудың алдын-ала орын алуын анықтау және дабыл қағу жұмыстарын жүйелі бақылай жүргізуде жауапкершіліктің болуы қатаң талап етіледі 13 маусым 1941 ж.». [6, 554 б.]. Жергілікті әкімгерлерге де арнайы қоныстанушылар арасында тұрақты жұмыс жүргізудің ауыртпашылығы аса маңызды жүктемеде болады.

Күштеп қоныстандырылған поляк қоныстанушылары тарихи тағдырының Қазақстанда қалыптасқан қилы ақуалы мен тұрмыс-тауқыметінің айтары көп. Тағдыр тәлкегінің аса ауыр жүгін арқалай отырып, қазақстандық поляктардың



жаңа жерде қалыптасқан тағдырының кеңес билігі мен оның азаптау аппаратынан көрген қияметі болмаса басқа да қалыптасар ақуалының болары да мүмкін еді. Поляк қоныстанушылары соғыстан кейінгі кезеңде де казармалық-жүйе ережесінде өмір сүруге мәжбүр болады. Барлық депортацияланғандарға ыңғайлы болған кезең, жаңа тұрақтану кезеңі, 1954 жылдың 5 шілдесіндегі КСРО Министрлер Кеңесінің №1439-649 жарлығынан соң қалыптасады. Аталмыш құжатта, мемлекет арнайы қоныстанушыларға қатысты құқықтық ережелердің бірқатар шектеулерінің алынып тасталуы міндеттеледі. Сонымен қатар, материалдық аспект, яғни әлеуметтік кепілділік әлеуметтік даму міндеттері мен нормаларының орындалуына тәуелді болған тұстағы шарттардың мемлекеттің өзіне тиесілігіне ауысуымен де өзгерген еді.

Жалпы, осы кезең жергілікті қазақ халқының да тарихи тағдырын құрбан ете, күйрете кеткен кезең болды. Кеңестік биліктің «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» саясатының қазақ халқына «жасанды жұт» әкеліп, тарихи Отаннан жыраққа кетуге мәжбүрлеу салдары мен ұлт зиялыларының репрессияға түсу арқылы кеңестік жүйенің саяси құрбанына айналуымен қатар келген кезең болатын. Қазақ халқы жеке ұлттық бірегейлігінен айырылып, төтенше ауыр тағдырды таразылаған тарихи кезеңін басқа жұрттан күштеп қоныстанған халықтардың тарихи тағдырымен қатар көруі үлкен тарих таразысын түгендетті.

Өткен мен бүгіннің болмысын байланыстыра сабақтастырған, қазіргі уақыт қазақ жерінің көптеген депортацияланған халықтардың баспанасына айналып, көп ұлтты бірегейліктің үлгісін көрсеткен ортақ мекеннің болмысын сипаттады. Ғасырлар тоғысы депортацияланған халықтардың тәуелсіз тарихи Отандарымен байланыстыра, тарих таразысын түгендеді. Осы тұрғыда Қазақстан байтақ далада тағдырлары тоғысқан әртүрлі халықтарды біріктірген геосаяси көпір миссиясын орындауда.

Дәл қазіргі геосаяси мүдделер теке-тіресі жағдайында да тарихи мәселелерді қайта қараудың жаңаша сұранысы әлемдік саяси оқиғалардың, әсіресе Польша-Белоруссия шекарасындағы көші-қон дағдарысының орын алуы, Украинадағы саяси тұрақсыздық және Ресейдің сыртқы саясатына қатысты жаһандық ұстанымдар, Польшаға украин азаматтарының көші-қоны ақуалы жағдайлары шиеленісуі жағдайында да осы географиялық кеңістікпен тарихи байланысы бар поляк азаматтары тағдырының бүгінгі ақуалына да ықпалды. Әлемдік саясаттың геосаяси тұжырымдары осындай мемлекетаралық қарым-қатынас, сыртқы саяси ұстанымдар сипатында күрделеніп отыратыны бар. Дәл қазіргі еуропалық аумақтағы осындай саяси тұрақсыздықтың да сипаты, сонау тарихи кезеңдермен де сабақтасқан тұстарының бар екендігінде айқындалады.

«Жаңа Қазақстан» құрудың экономикалық және саяси реформаларды үндестіре жүргізудің қоғамдық келісімінің нақты сипаты, аталмыш мүдделерден шығу бағытында тарих таразының сипатын ескеру қажеттілігі де осы мақсаттарды





жаңартуды талап еткендей. Мемлекет басшысының биылғы Халыққа Жолдауында да әлемдік саясаттағы түбегейлі өзгерістерге көзқарас ерекше сипатта берілген болатын. Геосаяси турбуленттілік – қазіргі гибридті ақуалда сыртқы саяси бағдардан айнымау, көп векторлы саясатты жалғастыру және геосаяси шынайылықты әлемдік жаһандық өзгерістерге салиқалы сабырлық таныту керектігі туралы оймен тұжырымдалған Жолдау жолдарынан, мемлекет басшысының әлемдік саясаттың сын-сағаттарында ішкі және сыртқы қатерді қатар қарауын тәуелсіздіктің геостратегиялық бағдарын негіздеу десе болады.

#### **Дереккөздер мен әдебиеттер тізімі:**

1. Строньский Г. Злет і падения Польский национальнй район в Україні. У. 20-30- і Роки. Тернопіль, -1992.
2. Көкшетау қаласының мемлекеттік мұрағаты. 906 қор, 1 тізбе, 27 іс, Пп. 20-25.
3. Көкшетау қаласының мемлекеттік мұрағаты. 11 қор, 1 тізбе, 39 іс, Пп. 1-143.
4. Қазақстан Республикасы Президенттік Мұрағаты. 708 қор, 4/1 тізбе, 724 іс, Пп. 1-24.
5. Қазақстан Респубкасы Президенттік Мұрағаты. 708 қор, 4/1 тізбе, 724 іс, Пп. 7-8.
6. Көкшетау қаласының мемлекеттік мұрағаты. 13 қор. 3 тізбе, 24 іс, Пп. 500-554.